

## Шыңғырау ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттең-қаралу негізінде жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қазандағы № 181 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 қарашада № 5394 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырау ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 17 маусымдағы № 67 қаулысымен

**Ескеरту.** Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырау ауданы әкімдігінің 17.06.2024 № 67 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңдарына сәйкес, Шыңғырау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Шыңғырау ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттең-қаралу негізінде жайылым айналымдарының схемасы бекітілсін.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Т.Сағынгерев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Бейсенге жүктелсін.


4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*A.Есалиев*

Шыңғырау ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 9 қазанындағы  
№181 қаулысына  
қосымша

**Шыңғырау ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттең-қаралу негізінде жайылым айналымдарының схемасы**



- ауданның шекарасы;
- ауылдық округінің шекарасы;
- есеп бойынша жер пайдаланушылардың жер телімі;
- жайылым айналымдарының қолайлы схемалары;
- жайлымдардың, оның ішінде маусымдық жайлымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері;

- жайылым пайдаланушылардың су тұтынуы нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға);
- жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны, берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;
- қою - қызыл-қоңыр.

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуды:

а/о - ауылдық округ;

МОК - мемлекеттік орман қоры.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК